

Дәріс 1. Шаңғының пайда болуы және тарихи даму кезеңдері

Қарастырылатын сұрақтар:

- 1.1 Шаңғының пайда болуы және тарихи даму кезеңдері.
- 1.2 Қазан төңкерісі алдындағы шаңғы спорты.
- 1.2 Шаңғы спортының Қазан төңкерісінен кейін дамуы.

Шаңғының пайда болуы және тариху даму кезеңдері. Шаңғы спортының пайда болу тарихы өткен ғасырлардан бастау алып, қыстың күндері қалың қарда жүру үшін адамдар былғары қапшық ішіне сабан толтыра аяқтарын белбеумен байлап немесе тегіс шағын тақтай байлап қар үстінде жүруге пайдаланған. Қар үстінде жүру амалдары тамақ табуда, жабайы аңдардан қорғануда көмегін тигізді.

Кеңес Одағының археолог-ғалымдары тау үңгірлерінің ішінде қабырға тастарына салынған шаңғымен тұрған 16 адамның суреттерін тапқан. Олардың үшеуі таяқсыз, он екісінде бір таяқтан, біреуі садақпен тұрғаны бейнеленген. Қазу кезіндегі ғалымдардың деректеріне сүйенсек бұл суреттер біздің дәуірімізге дейінгі 3-ші мыңжылдықтың аяғымен 2-ші мыңжылдықтың бас жақтарына сәйкес келеді.

Сібір елдерінде 4000 жыл бұрын шаңғыны пайдаланғандары белгілі болған. Жалғыз таяқ аңшылық жағдайларына ыңғайлы екенін көрсеткен. Таяқтың түрі мен ұзындығы оның әр түрлі қажеттілікке пайдалануға ыңғайлы жасалғанын көрсетеді. Бір ұшы ұшталған екінші жағы жуандау.

Осындай таяқ шаңғымен жылжуға, қорғануға және түнде демалатын кепелерін және т.б. құруға ыңғайлы жасалған.

Шаңғы қалың қар үстінде жылжуды жеңілдететін амалдардың негізгі түрі. Ол Сібір, Солтүстік Орал, Алтай және Скандинав елдерінің халықтарына ертеден белгілі болған. Ерте заманда 3-4 мың жыл бұрын қар үстінде жылжу амалдары аң аулау кездерінде жиі қолданылған.

Археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында шаңғының түрлі қалдықтары табылған, ол табылған заттарды біздің дәуіріміздің 7-8 ғасырына сәйкес келетінін ғылыми-зерттеу жұмыстары нақты дәлелдеп берді.

Ертеректе түрлі шаңғылармен жүргендері байқалады, олар қысқа жалпақ шаңғы қар бетінде еркін жүруге арналған, екіншісі ұзын жіңішке шаңғы сырғанауға арналған. Сол кездерде марал терісін жапсырған шаңғылар жасалынған. Жылдар өте шаңғы жабдықтары өзгеріп, жаңарып қазіргі кездегі бәріне белгілі жалпақ аңшылық шаңғылары жасалынды.

Алғашқы жазба деректерінде шаңғыны пайдалану Ресейде және Скандинав елдерінде XII-ші ғасыр басында тіркелген. XV-ғасыр ортасында шаңғы кеңінен тарап әскери істерде пайдалана бастады.

Тарихта орыс әскерлерінің басқыншыларға қарсы соғыста шаңғыны пайдаланғаны туралы деректер сақталған. Солардың ішінде шаңғыны пайдаланып Пугачев әскерлері әскери ұрыстарда үлкен табыстарға жеткендігі туралы тарихи мәліметтер көп кездеседі.

Қазан төңкерісі алдындағы шаңғы спорты.

Шаңғы спорты Ресейде өткен ғасырдың (19-ғасыр) 80-жылдары дами бастады. Бастапқы кездерде шаңғыны серуендеу, көңіл көтеру мақсатында әуесқойлар айналысқан.

Ресейде алғашқы рет шаңғы спортынан жарыс 1894 жылы Петербургте Нева өзенінің жағалауында өткізілді. 1895 жылы бірінші шаңғы ұйымы «Мәскеулік шаңғышылар» клубы құрылды. 1897 жылы Петербургте осындай «Полярлық жұлдыз» ұйымы құрылды. Шаңғы спортынан алғашқы ресми жарыс 1896 жылы 28 қаңтарда Мәскеуде өтті.

1898 жылдан бастап шаңғы спорты кеңінен тарап, жарыстар жиі өтіле бастады.

1901 жылы Мәскеуде шаңғы спортынан клубтар ұйымдастырылды. 1902 жылы сол кездегі ең ұзақ қашықтық 25 шақырымға жарыс ұйымдастырылды. Келесі жылы Мәскеу біріншілігінің жарыстарына әйелдер де қатыса бастады. Кейін Ресейдің бірнеше қалаларында шаңғы ұйымдары ашыла бастады. Шаңғы спортымен айналысқысы келетіндердің барлығының мүмкіндіктері болмады. Өйткені шаңғы құралын сатып алу немесе шаңғышылар ұйымына кіру үшін жарна төлеу керек болды.

Сондықтан көптеген жұмысшы халыққа шаңғышылар клубының есігі жабық болды. 1910 жылы Мәскеуде шаңғы жарысынан Ресей біріншілігінде 30 шақырымға жарысты. Қашықтықты 2 сағат 26 минут 47 сек. уақытта келген П.Бычков жеңімпаз атанды.

1911 жылы Бүкіл Ресейлік шаңғышылар одағы құрылып шаңғы спортынан бірінші жарыс ережелері қаралып, талқыланды.

Сол кездегі ең қызықты жарыстардың бірі Мәскеудің сыртымен айналып шығу эстафетасы жылда өткізіліп тұрды.

1912 жылдан бастап ең ұзақ қашықтық 60 шақырымға жарыс ұйымдастырылды. Шаңғы спортында тарихта қалатын жаңалықты 1912 жылы Мәскеулік шаңғышылар А.Елизаров, М.Гостевым, И.Захаров және А.Немухин Мәскеуден Петербургке дейін 680 шақырым жерді 12 күн ішінде шаңғымен жүріп өтті.

1913 жылы Бычков пен Немухин Швециядағы Солтүстік ойындарға қатысты. Шаңғышылар ұзындығы 3 метрлік спорттық шаңғылармен жарысты және қолға ұстайтын таяқтары ұзын, адам бойымен немесе одан да ұзын болды.

Бекіткілері мен аяқ киімдері жұмсақ былғарыдан жасалынды. Шаңғы табанына ол кездерде шаңғы майлары пайдаланбады.

Шаңғы спортының Қазан төңкерісінен кейін дамуы.

Қазан төңкерісінен кейін шаңғы спорты кең көлемде дами бастады. Шаңғышылар бөлімшелері әскери жорықтарда табыстарға жетіп жүрді.

1920 жылдың соңында шаңғы спорты қарқынды дами келе арнайы шаңғы трассалары мен өткел жолдармен жарыстар өтіле бастады. Шаңғымен жылжу әдіс-тәсілдеріне өзгерістер еніп шаңғы құралдары да жаңартыла бастады.

Шаңғы мен таяғының ұзындықтары қысқартылды. Былғары ботинкалар шықты, қатты бекіткі және шаңғы таяғына бау орнатылды.

1921 жылдан бастап Ресей біріншілігінде шаңғы жарысынан әйелдер арасында 3,4 және 5 шақырым қашықтықта өте бастады.

1924 жылы шаңғы спортынан тұңғыш рет Кеңес Одағының біріншілігі өткізілді.

Бірінші Кеңес Одағының жеңімпаздары ерлер арасында Д.Васильев, ал әйелдер арасында А.Михайлова атанды. 1926 жылы шаңғы спортының бағдарламасына шаңғымен трамплиннен секіру енгізілді. 1927 жылы Д.Васильев, А.Немухин, В.Дементьев, Б.Савин шаңғымен Мәскеу-Осло арақашықтығын (2150 шақырым) 29 күнде жүріп өтті.

1931 жылы VI-шы Кеңестер съезіне байланысты әскери эстафета жарыстары ұйымдастырылып, Мәскеуге Кеңес Одағының әр аймағынан 70 мың шаңғышылар жиналды.

1935 жылы бес комсомол шекарашылар К.Бражников, Е.Егоров, А.Куликов, И.Попов және А.Шевченко шаңғы спорты тарихындағы ең ұзақ және қиын жол Байкал-Мурманск бағыты бойынша жорық жасалынды. Тундра және Тайга арасымен ауа-райы қолайсыз жағдайда 9 мың шақырым қашықтықты 151 күнде жүріп өтті.

1936 жылы шаңғы спортының ардагерлері А.Елизаров, М.Гостев, И.Захаров және А.Немухин 1912 жылғы Мәскеу-Петербург бағыты бойынша жүрген спорттық ерліктерін қайталады. Олар керісінше Петербург-Мәскеу бағытындағы ара-қашықтықты 8 күнде жүріп өтіп, әдепкі жорыққа қарағанда 4 күнге ерте келді.

1937 жылы 5 шаңғышы Улан-Удэден-Мәскеуге дейінгі жолды 95 күнде жүріп өтті. 6065 шақырым қашықтықты біркүндік орташа жылдамдық сағаты 65 шақырым құрады. 1930 жылдардың ортасында мектептерде шаңғы дайындығының жұмыстары алға қойыла бастады.

1930 жылдардың орталарында спорттық көрсеткіштер өсе бастады жекелей қашықтықта спорттық көрсеткіштер жаңарып үздік шаңғышылар арасында бәсеке күшейе бастады.

1935 жылы Бүкілодақтық оқушылар арасында шаңғы спортынан жарыс ұйымдастырылып, ол дәстүрге айналды.

Шаңғы спорты ауылдық жерлерде дамып 1936 жылы бірінші колхозшылар жарысы ұйымдастырылды.

Бақылау сұрақтары:

Шаңғының пайда болуы және тарихи даму кезеңдері.

Қазан төңкерісі алдындағы шаңғы спорты.

Шаңғы спортының Қазан төңкерісінен кейін дамуы.

Әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Бутин И.М. Лыжный спорт: Учебное пособие для студентов высших педагогических заведений / - М.: Академия, 2019. - 368 с.
2. Есіркепов Ж.М., Омаров Б.С., Құрманбаев Б.І. Шаңғы спортын үйрету әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. - Қызылорда, 2023. - 145 б.
3. Бутин И.М. Лыжный спорт / И.М. Бутин. - М.: Книга по Требованию, 2013. - 192 с.
3. Евстратов В.Д., Чукардин Е.Б., Сергеев И.Н. Лыжный спорт: Учебник для техникумов физической культуры и факультетов физического воспитания педвузов. М.: ФиС, 2009. - 215 с.
4. Ахметов Н.Ә. Шаңғы спорты: Оқу құралы. Дене шынықтыру және спорт мамандық студенттері үшін. - А., 2020. - 196 б.
6. Тау шаңғысы: оқыту әдістемесі: Оқу құралы / - М., 2019. - 208 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Камаев О.И. Теоретико-методические основы многолетней подготовки юных лыжников-гонщиков. - Харьков: «ХАГИФК», 1999. - 172 с.
2. Раменская Т.И. Лыжный спорт. Учебник / Т.И. Раменская, А.Г. Баталов. - М.: Физическая культура, 2005. - 320 с.
3. Раменская Т.М. Лыжный спорт. Учебное пособие / Т.М. Раменская, А.Г. Баталов. - Москва: СПб. [и др.]: Питер, 2005. - 224 с.
4. Чередова В. Лыжный спорт в школе / В. Чередова. - М.: Физкультура и спорт, 2000. - 164 с.
5. Шликенридер П. Лыжный спорт / Петер Шликенридер, Кристоф Элберн. - М.: Тулома, 2008. - 288 с.
6. Лыжный спорт / ред. В.Э. Нагорный. - М.: Физкультура и спорт, 2013. - 256 с.
7. Лыжный спорт и методика преподавания : курс лекций / сост. : Е.В. Михалёнок, И.Л. Александрович. – Витебск : ВГУ имени П.М. Машерова, 2017. - 73 с.

Интернет ресурстары:

1. <https://ansya.ru/health/lijnij-sport-uchebnik--t-i-ramenskaya-a-g-batalov-m-fizicheska/pg-1.html>
2. http://obg-19.narod.ru/literatura/Lyzhnyy_sport_2005.pdf
3. <http://www.newreferat.com/ref-32857-8.html>